

## **Овердрафт беру туралы келісімнің стандартты талаптары (Қосылу шарты)**

Осы стандартты талаптарды (бұдан әрі – Қосылу шарты) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен овердрафт беру туралы келісім жасау кезінде қолдану үшін әзірлеген және шағын және орта бизнес субъектілерінің кредиттік бағдарламалары бойынша шарттың стандарттық талаптарын анықтайды.

Стандартты талаптар қолданылатын шарт Банк пен заемшы (бұдан әрі – Заемшы) арасында овердрафт беру туралы жеке келісімге (қосылу туралы өтініш) (бұдан әрі – Жеке шарт) қол қою арқылы жасалады.

Жеке шарт пен Қосылу шарты бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады және бұдан әрі бірлесіп Келісім деп аталады.

Егер Келісімде өзгесі көзделмесе, Келісімге қосарлы заемшы (бұдан әрі – Қосарлы заемшы) қатысқан жағдайда:

- 1) Заемшыға қатысты Келісімнің талаптары Қосарлы заемшыға да бірдей қолданылады;
- 2) Заемшы мен Қосарлы заемшы бірге алғанда Келісім мәтінде Заемшы деп аталады.

### **1-бап. Келісімнің жалпы талаптары**

1. Банк Заемшыға Жеке шартта және Жеке шартқа қайшы келмейтін бөлігіндегі Қосылу шартында белгіленген талаптар бойынша овердрафт береді. Жеке шарт және Қосылу шарты бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады және бұдан әрі бірлесіп Келісім деп аталады.

Келісімнің жасалған күні мен орны, оның нөмірі, Банк пен Заемшының деректері (әрі қарай бірлесіп – Тараптар, ал жеке-жеке – Тарап), Овердрафттың мақсаты, сомасы, валютасы, мерзімі Жеке шартта айқындалады.

Бұл ретте Овердрафтты пайдалану мерзімі Банк қаражаты есебінен төлем жасалған күннен кейінгі күннен басталады және Овердрафт алынған Қолжетімділік кезеңінің аяқталу күнінде аяқталады.

2. Келісімге қол қойылған күні Овердрафтты пайдаланғаны үшін сыйақы (бұдан әрі – сыйақы) мөлшерлемесінің түрі, сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен мөлшері, сыйақы мөлшерлемесінің сенімді жылдық тиімді салыстырмалы есептеуіндегі мөлшері (бұдан әрі – ЖТСМ), егер Келісімде құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі көзделген болса, құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі Жеке шартта белгіленеді.

3. Овердрафт және сыйақы бойынша берешекті өтеу тәсілі, әдісі, тәртібі және мерзімділігі, Келісім бойынша берешекті өтеу кезектілігі Жеке шартта айқындалады.

4. Овердрафтты қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда Заемшы Банкке тұрақсыздық айыбын төлейді, оның есептелу тәртібі мен мөлшері Жеке шартта көрсетіледі.

Бұл ретте Заемшы Келісім бойынша міндеттемелерді бұзу нәтижесінде Банкке келген шығындарды (зиянды), оның ішінде, бірақ олармен шектелмей:

- 1) нотариус қызметтеріне ақы төлеу шығыстарын;
- 2) Келісімді жасауға және Тараптардың ол бойынша міндеттемелерді орындауына байланысты Банктің кез келген басқа құжатпен расталған шығыстарын (зиянын), сондай-ақ Овердрафтқа қызмет көрсетуге байланысты шығыстарын (зиянын) өтеуге міндетті.

5. Овердрафт беру және қызмет көрсетуге байланысты алынатын комиссиялар мен өзге де төлемдердің толық тізімі, олардың мөлшері, Заемшының Келісім бойынша міндеттемелерін

орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында Банк қабылдайтын шаралар, Келісімнің қолданылу мерзімі Жеке шартта белгіленеді.

6. Жылжымалы мүлік кепілі туралы шарттар Банк пен кепіл беруші арасында мұндай шарттарға барлық Тараптың қолын қою қажеттілігінсіз жасалады. Кепіл беруші болып табылмайтын Заемшы кепіл туралы шарттардың талаптарын келісуге қатыспайды, бірақ талаптарымен танысу мақсатында мұндай шарттардың көшірмелерін беру туралы Банкке өтініш білдіруге құқылы. Банк пен кепіл беруші арасында жасалған, барлық Тараптың мұндай шарттарға қол қою қажеттілігінсіз жасалған жылжымалы мүлік кепілі туралы шарттарды Тараптар тиісті түрде ресімделген, толық заңдық күші бар және Тараптар үшін олардың талаптарына сәйкес заңдық салдар туындатады деп таниды.

7. Заемшы Келісімде көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда, Заемшының Келісім бойынша барлық міндеттемелерін орындау мерзімі туындаған болып есептеледі және Банк оларды орындауды талап етуге құқылы.

8. Келісім бойынша Заемшының жауапкершілігі, Келісімде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар Заемшыны жауапкершіліктен босату үшін негіздер деп танымайтын еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларымен шектелмейді.

9. Овердрафт сомасын, сыйақыны, жоғары сыйақыны, тұрақсыздық айыбын, комиссияларды, зияндар мен шығыстарды, оның ішінде Заемшының Келісім бойынша кез келген міндеттемелерді бұзуымен байланысты шығындарды өтеуді Банк күнделікті, Заемшының Шотына түсетін ақшаны акцептісіз есептен шығаруы арқылы жүзеге асырады.

10. Заемшы Банкке мәліметтерді, құжаттарды, соның ішінде жобаға қатысты ескертулерді жою бойынша ақпарат беруге міндетті болатын мерзімді, мұндай ұсыну/ескертулерді жою талаптарын Банк белгілейді және Жеке шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және Заемшы тарапынан міндетті түрде орындалуы тиіс жазбаша хабарлама жіберу жолымен Заемшыға жеткізіледі.

## **2-бап. Өзге талаптар**

1. Овердрафт Заемшыға Овердрафт лимитінен аспайтын сомада беріледі.

Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде Заемшы белгіленген Лимит және Овердрафттың қолданылу мерзімі ішінде Заемшы Овердрафтты белгіленген Лимит және Овердрафттың қолданылу мерзімі шеңберінде Транштар түрінде бірнеше рет алуға құқылы.

2. Заемшыға берілетін овердрафт мөлшерін Банк Өтініш беруші берген ақпараттың, сондай-ақ Банктің басқа ақпарат көздерінен, оның ішінде кредиттік бюроның кредиттік есебінен алған мәліметтерінің негізінде Өтініш берушіні талдау нәтижелері бойынша дербес айқындайды.

3. Овердрафт лимиті жаңару негізінде белгіленеді. Заемшы Қолжетімділік кезеңінде Овердрафт бойынша берешегін өтесе, ол Овердрафт лимитінің барлық сомасы шегінде жаңа Овердрафт алу құқығын иеленеді.

4. Банктің Жеке шартта көзделген құжат бойынша төлем жасауы Банктің Овердрафт беруге акцепті болып табылады.

5. Заемшыға Овердрафт берілгенінің фактісі Заемшы операция (операциялар) жүргізген кезде, егер операция сомасы Заемшының Шоттағы өзінің қаражатынан асып кетсе, расталады. Банктің Заемшыға Овердрафт бергенін растайтын құжат – Заемшыға Овердрафт берілген күнгі Шот бойынша үзінді көшірме.

6. Овердрафт лимиті шегіндегі Транш Заемшының Шотына ақша түскен сәттен бастап берілген болып есептеледі.

7. Заемшыға Транш берудің негізі Банктің келесі талаптар орындалған жағдайда орындау үшін алған құжаттары болып табылады:

- Заемшының Шотында құжатты толығымен немесе ішінара орындау үшін жеткілікті қаражатының болмауы;

- ақшаға иелік етуге қатысты шектеулердің/мерзімінде орындалмаған өкімдер кезегінің болмауы;

- Келісім бойынша бұрын берілген Транштар және Банк алдындағы Заемшының басқа да міндеттемелері бойынша негізгі борыш және/немесе пайыз, комиссия, тұрақсыздық айыбы және

басқа да төлемдер бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы.

8. Овердрафт беру күні мен уақыты Қосылу шартының осы бабының 4-тармағында көрсетілген операция жасалған күні мен уақыты болып табылады. Овердрафтты қайтару күні Банкте ашылған Заемшының шотынан Овердрафт бойынша берешекті өтеу үшін ақшаның есептен шығарылуы болып табылады.

Овердрафтты пайдалану үшін сыйақы, тұрақсыздық айыбы есептелгенде нақты күндердің саны (күнтізбе бойынша) ескеріледі, бұл ретте жыл 360 күнге тең деп есептеледі.

9. Овердрафтты пайдалану үшін сыйақы есептеу Овердрафттың нақты қалдық сомасына есептеледі және Овердрафтты пайдаланған нақты күндердің санына сүйеніп, пайдаланудың бірінші күнін қоспағанда және өтеу күнін қосқанда күнделікті жүзеге асырылады.

10. Банк Келісім бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаға берген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен Келісім шеңберіндегі Банк пен Заемшы арасындағы қатынастарға қойылатын талаптар мен шектеулер құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен Заемшының құқықтық қатынастарына таралады.

11. Заемшы Овердрафтты келесі мақсаттарға:

инкассольді өкімдерді, төлем талаптарын – Банктің картотекасында сақталатын тапсырмаларды және басқа да төлем құжаттарын орындау үшін;

өзінің ақшасын екінші деңгейдегі басқа банктерде ашылған өзінің банктік шоттарына аудару үшін;

Банк және басқа екінші деңгейдегі банктер алдындағы заемдар және шартты міндеттемелер (кепілдіктер/аккредитивтер) бойынша негізгі борышты қайтару және сыйақы төлеу бойынша жоспарлы/мерзімі өткен берешекті өтеу үшін;

қаржы ұйымдарындағы берешекті қайта құрылымдау үшін;

Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар алдындағы міндеттемелерді төлеу үшін; мұндай тұлғадан кез келген мүлікті сатып алу, сондай-ақ ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай тұлға шығарған бағалы қағаздарды сатып алу үшін пайдалана алмайды.

### **3-бап. Заемшы үшін Келісім талаптарын жақсарту жағына қарай өзгерту**

Банк Келісім талаптарын Заемшы үшін жақсарту жағына қарай «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

Банк Келісім бойынша жақсарту талаптарын қолдану туралы Заемшыны Келісімнің 7-бабының 4-тармағында көрсетілген тәсілдердің бірімен, олар күшіне енгенге дейін кемінде күнтізбелік 14 (он төрт) күн бұрын хабардар етеді.

Егер Банк көрсетілген мерзімде Заемшыдан Келісім бойынша Банк ұсынған жақсартатын талаптардан жазбаша бас тартуды алмаса, оларды Заемшы қабылдаған болып саналады.

Бұл ретте Заемшыдан немесе Қосарлы заемшыдан/кез келген Қосарлы заемшыдан жазбаша бас тартуды алған жағдайда, мұндай талаптарды Заемшы да, Қосарлы заемшы да/кез келген Қосарлы заемшы да қабылдамаған деп саналады.

### **4-бап. Қаржы ақпараты**

Заемшы Банктің талап етуімен:

Банк Келісім шеңберінде және Қолданылатын құқыққа сәйкес, оның ішінде тәуелсіз аудитор растаған қаржылық есептілікті және басқа да ақпаратты Банк айқындаған нысан мен күн бойынша беруге міндеттенеді. Заемшы Келісім бойынша міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда Банк жүргізу шығыстарын Заемшы өтейтін аудитті дербес тағайындауға құқылы;

Банк айқындаған кезеңділікпен – Заемшының бюджет алдында берешегінің бар/жоғы туралы құжатты беруге міндеттенеді.

### **5-бап. Қаржыландыруды мерзімінен бұрын қайтару, бас тарту және тоқтата тұру**

1. Заемшы Банкті алдын ала жазбаша немесе өзге тәсіл арқылы хабарландыра отырып, Банктің жазбаша келісімімен Банкке:

- бір жұмыс күні бұрын;

- Овердрафт беруге қатыспаған, сәйкесінше Жеке шартта көрсетілмеген Банктің аудандық басқармасына және (немесе) Банктің облыстық/өңірлік/қалалық филиалына 2 (екі) жұмыс күні бұрын арызданған жағдайда, Овердрафт сомасын (толық немесе ішінара) мерзімінен бұрын қайтаруға құқығы бар.

2. Заемшы, егер Тараптар өзге мерзімді белгілемесе, мерзімінен бұрын төлем жасалатын күннен бұрын 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Банкті мұндай төлем жасалатыны туралы хабардар ете отырып, кез келген Овердрафт бойынша Банкке тиесілі сыйақы сомасының барлығын мерзімінен бұрын төлеуге құқылы.

3. Банк кез келген уақытта Заемшының Келісім негізінде барлық ұсынылған Овердрафттар бойынша барлық берешегін мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы. Бұл үшін Банк Заемшыға мұндай өтеу күніне дейін 10 (он) ай бұрын талап жібереді. Заемшы Келісім негізінде ұсынылған Овердрафттар бойынша өз берешегін Банк талабында көрсетілген мерзімінен бұрын өтеу күніне дейін біржолғы төлеммен немесе ішінара өтейді. Овердрафт сомасын мұндай мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбы алынбайды.

4. Заемшы Қосылу шартының осы бабының 3-тармағына сай Банк талабын алған кезде Заемшы Банкке Келісімде көрсетілген және жылдығы 1 % (бір пайызға) азайтылған сыйақы мөлшерлемесі бойынша сыйақы төлейді. Заемшы бұл сыйақыны Банк талабында көрсетілген күннен бастап талапта көрсетілген Келісім бойынша барлық берешекті өтеу сәтіне дейінгі кезең аралығында төлейді.

5. Банк:

төменде берілген негіздемелердің кез келгені орын алғанда:

1) Заемшы Келісім бойынша міндеттемелерді орындауды кешіктіруге жол берсе, Келісім бойынша және Банспен жасалған өзге де шарттар бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерін бұзса;

2) Заемшы Банкте ашылған банктік шоттары бойынша Орташа айлық кредиттік айналымдарды ұстап тұру жөніндегі талаптарды бұзса;

3) Қамтамасыз етуді ұсынған тұлға Қамтамасыз ету шарты бойынша өзінің міндеттемелерінің бұзылуына жол бергенде;

4) Заемшының немесе Кепіл берушінің мүлкіне үшінші тұлғалар тыйым салғанда, иелік етуге шектеу қойғанда немесе өндіріп алу қолданылғанда;

5) қамтамасыз ету жоғалғанда, жарамсыз болып шыққанда және Заемшы орнына Банк талаптарын қанағаттандыратын өзге қамтамасыз ету ұсынылуын қамтамасыз етпегенде;

6) Заемшы Келісім бойынша Заемшының жиынтық берешегінің 5 % (бес пайызын) және одан артық пайызын құрайтын сомаға талап қойылған сот процесіне жауапкер ретінде тартылғанда;

7) Қамтамасыз етуді ұсынған тұлғаның кепіл мәніне кепіл берушінің меншік құқығын даулау туралы сот процесіне тартылғанда;

8) Заемшының өзінің қаржылық жағдайы және/немесе түсім көлемі туралы дұрыс емес есептілік беру жағдайлары анықталған кезде және/немесе Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Заемшының қаржылық жағдайы нашарлаған кезде;

9) Заемшы қайта ұйымдастырылған жағдайда, үшінші тұлға Заемшыны банкрот деп тану туралы талап қойған немесе сот шешімі бойынша банкроттықта немесе оналтуда қолданылатын кез келген рәсімді енгізгенде;

10) Овердрафттарды мақсатсыз пайдалану;

11) уәкілетті органдар мен үшінші тұлғалардың Заемшының Шотына (картотека) орындалмаған талаптары/бұғаттаулары болған кезде;

12) Банкте Заемшының шоттары бойынша операцияларды тоқтата тұру туралы және/немесе осындай шоттардағы ақшаға тыйым салу туралы жазбаша шешімдер (өзге құжаттар) болған кезде;

13) Келісімді және (немесе) Қамтамасыз ету туралы шартты тұтастай немесе бір бөлігін жарамсыз және (немесе) жасалмаған деп тану туралы талап қою және (немесе) дау айту немесе көрсетілген мән-жайлардың туындау қаупі;

14) Банк және екінші деңгейдегі басқа банктер алдындағы басқа міндеттемелер бойынша мерзімі өткен несиелік берешек болған жағдайда;

15) Банктің Келісімді тиісінше орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгеруі;

16) Овердрафтты ұсыну заемшымен байланысты борышкерлердің тобы бойынша бір заемшыға тәуекелдің мөлшері бойынша заңнама бекіткен шектеудің ең үлкен мөлшерінен асуға әкеліп соққанда;

17) Овердрафт беру Банктің осындай бұзушылық ықтималдығын сақтау кезеңінде пруденциалдық нормативтерді сақтау туралы талаптарды қоса алғанда, қолданыстағы құқықты бұзуына әкелсе;

18) Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Заемшының қаржылық жағдайы нашарлағанда;

19) Заемшымен үлестес (байланысты) үшінші тұлғалар Банк алдындағы міндеттемелердің ең болмаса біреуін бұзғанда;

20) егер Келісім жасалғаннан кейін Банкте Заемшының Банкпен ерекше қатынастармен байланысы туралы ақпарат пайда болған жағдайда;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тиісті тексеру жөнінде шаралар қолдану мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ Заемшы іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік болған жағдайда;

22) шот бойынша шығыс операциялары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік туындаған жағдайда;

23) Заемшы Келісіммен берілген куәліктерді бұзуға жол берген және (немесе) Банкте Овердрафтты Заемшы осындай бұзушылықтарға әкеп соғуы мүмкін мақсаттарда пайдалана алады деп пайымдауға негіздердің болуы;

24) мемлекеттік кірістер органында жеке кәсіпкер ретінде Заемшыны тіркеу есебінен шығару;

25) Заемшы уәкілетті органға «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішпен жүтінген кезде;

26) Заемшы Келісімнің немесе Банкпен жасалған басқа шарттың өзге талаптарының (соның ішінде Келісім бойынша міндеттемелерді бұзғанда) бұзылуына жол бергенде;

уақыт өте жоғарыда аталған оқиғаларға, Келісім бойынша міндеттемелердің, соның ішінде Келісім бойынша міндеттемелердің және Банкпен жасалған басқа шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауына және/немесе тиісті түрде орындалмауына әкеліп соғуы мүмкін оқиғалар пайда болғанда немесе әрекеттер орындалғанда Заемшыға Овердрафт беруден бас тартуға және/немесе есептелген сыйақымен қоса, мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге немесе әрі қарай қаржыландыруды тоқтата тұруға құқылы.

6. Заемшы осы Келісімде көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда:

1) Заемшының Келісім бойынша барлық міндеттемелерін орындау мерзімдері басталды деп танылады және Банк олардың орындалуын талап етуге құқылы;

2) Банк Қамтамасыз етуден, сондай-ақ Заемшының кез келген өзге мүлкінен өндіріп алуды қолдануыға құқылы.

7. Қосылу шартының осы бабының 5-тармағының 1), 3), 7) және 13) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, Банк өз қарауы бойынша Қосылу шартының осы бабының 6-тармағында көрсетілген құқықты пайдалануға немесе Заемшыдан Қамтамасыз ету мәнін қалпына келтіруді (ол қолданылатын жағдайда) немесе Қамтамасыз етуді ауыртпалық салынбаған, тең бағалы және өтімділікті басқа Қамтамасыз етумен алмастыру немесе Банк келісетін қосымша Қамтамасыз етуді ұсынуды талап етуге құқылы.

## **6-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері. Банкке арналған шектеулер**

1. Заемшы:

1.1) егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу күні демалыс немесе мерекелік күнге сәйкес келетін болса, тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін

төлеместен, оны келесі жұмыс күні төлеуге. Бұл ретте сыйақы төлем күні орын алған Овердрафтты нақты пайдаланған күнге байланысты төленеді;

1.2) Келісім бойынша берешек сомасын өтеу ретінде шотқа түсіп отыратын ақша түсімін ажыратып бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және өзге де айыппұл санкцияларына, сондай-ақ басқа да төленуге тиіс сомаларға ажырату) туралы ақпаратты өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде, жазбаша нысанда, айына 1 (бір) реттен асырмай, ақысыз алуға;

1.3) Келісім бойынша берілген ақшаны ішінара немесе толығымен қайтару туралы Банкке берілетін өтінішке сәйкес – үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдар мен өзге де айыппұл санкцияларына, сондай-ақ басқа да төленуі тиіс сомаларға бөлінген, қайтарылуы тиіс ақша сомасының мөлшері туралы жазбаша, ақысыз мәлімет алуға;

1.4) Жеке шартта және Қосылу шартының 5-бабының 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес, бірақ кез келген жағдайда 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Овердрафтты алған күннен 6 (алты) ай өткеннен кейін, 1 (бір) жылдан жоғары мерзімге берілген Овердрафтты алған күннен 1 (бір) жыл өткеннен кейін мерзімінен бұрын өтеу үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлеместен, Овердрафттар бойынша Берешекті ішінара немесе толық көлемде мерзімінен бұрын өтеуге;

1.5) Банктің Келісім талаптарын Заемшы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тартуға;

1.6) пайдаланылатын қызмет түрлері бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке жазбаша өтініш беруге құқылы.

## **2. Банк:**

2.1) Заемшы Келісім бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда, Келісімде көзделген тәсілмен Заемшыға талап жолдай отырып немесе өзге әрекеттерді орындай отырып:

Қолжетімді Қаражат сомаларын жойылған деп жариялауға және (немесе);

Заемшыдан барлық Овердрафт пен Берешекті, сондай-ақ Банк алдындағы кез келген басқа міндеттемелер бойынша орындау сомаларын 2 (екі) жұмыс күні ішінде жиынтық соманы біржолғы төлеммен қайтаруды талап етуге;

ұсынылған Қамтамасыз етуден (кез келгенінен) өндіріп алуды қолдануға немесе Қолданылатын құқықта белгіленген тәртіпте Қамтамасыз етуге қатысты қолданылатын өзге құқықтарды қолдануға және (немесе);

Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Келісімде көзделген өзге шараларды қолдануға;

2.2) Овердрафттың нысаналы мақсатына сай қолданылуын тексеруге;

Кепіл берушінің тиісті кепіл туралы шарт (Қамтамасыз ету шарты) бойынша Банктің кепіл мәні болуын және түгелдігін тексеру құқығын орындау мәселесінде жол бермеген жағдайда, Банкке кепіл мәніне қатысты тиісті құжаттарды және ақпаратты ұсынбаған жағдайда, Заемшыдан Келісім бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етуге, егер бұл талап қанағаттандырылмайтын болса, кепіл мәнінен өндіріп алуды қолдануға;

2.3) Заемшы заемның кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу мерзімін күнтізбелік 40 (қырық) күннен аса уақытқа бұзған жағдайда, заемды мерзімінен бұрын қайтаруды және сыйақы төлеуді талап етуге;

2.4) Заемшыда бір уақытта бірнеше банктік заем шарты және/немесе кредит желісін беру туралы келісім бойынша мерзімі өткен берешегі болған кезде берешекті Банк анықтаған тәртіппен өтеуге;

2.5) Заемшы Келісім талаптарына сай сыйақы төлеу міндеттемесін бұзған жағдайда, сыйақыны, жоғары сыйақыны және басқа айыппұл санкцияларын есептеуді тоқтатуға;

2.6) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген үшінші тұлғаларға, оның ішінде коллекторлық агенттіктерге Заемшының қандай да бір келісімінсіз Келісім бойынша өз құқықтары мен міндеттерін беруге;

2.7) шетел валютасындағы берешекті өтеу үшін Заемшының банктік шоттарынан Банк ақшаны теңгемен алып алған жағдайда, сондай-ақ шетел валютасындағы берешекті өтеу үшін Заемшы Банкке ақшаны теңгемен аударған жағдайда, сондай ақшаны шетел валютасына айырбастауды Банк белгілеген шетел валютасын сатудың ағымдағы бағамы бойынша, тиісті операцияны жасаған сәтте Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес сондай айырбастауды жүргізгені үшін комиссиялар сомаларын Заемшыдан өндіріп алып, жүргізуге;

2.8) Овердрафт берілген күні біржолғы комиссиялық сыйақы сомасын Заемшының тиісті банктік шотына есепке алынған заем сомасынан акцептісіз алып алуға;

2.9) заем мерзімінен бұрын өтелген жағдайда, есептелген және төленбеген сыйақыны, соның ішінде осындай өтеу жүргізу күніне есептелгенді және мерзімі шегерілгенді бірінші кезекте өтеуін талап етуге;

2.10) мына жағдайларда:

операцияларды зерделеу процесінде Заемшы іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда;

Заемшының банктік шоты бойынша шығыс операцияларын жүргізуден бірнеше рет бас тарту немесе банктік шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтата тұру;

кез келген елдің (мысалы, OFAC) немесе халықаралық ұйымның (FATF және БҰҰ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған Заемшыға және (немесе) оның үлестес тұлғаларына қатысты санкциялардың болуы;

Банкте Заемшының/Заемшы контрагентінің операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың ықпалына түседі немесе халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп пайымдауға негіз бар болса;

банктік шот шартында айқындалған жағдайларда Заемшымен Келісімді орындаудан біржақты бас тарту арқылы шарттық қатынастарды тоқтатуға;

2.11.) Заемшының ықтимал төлем қабілетсіздігі туралы мәліметтер болған кезде Келісім бойынша барлық берешекті, оның ішінде алынған барлық Овердрафтты мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге;

2.12) Заемшының қаржылық жағдайы туралы барлық қажетті ақпаратты сұратуға және алуға, оның қаржылық жағдайын тексеруге;

2.13) өз қалауы бойынша Келісімде көзделген кез келген айыппұл санкцияларының күшін жоюға;

2.14) Заемшыдан (оның өкілінен) Заемшыны (оның өкілін) сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды, сондай-ақ салықтық резиденттік, қызмет түрі және жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді ұсынуды талап етуге құқылы;

2.15) Банктің Келісімде, Қаржыландыру шарттарында, Қамтамасыз ету шарттарында және Қолданылатын құқықта көзделген өзге де құқықтары бар.

### **3. Заемшы:**

3.1) Овердрафтты пайдалану кезінде жасалатын барлық операциялар бойынша Шоттарға оны толық және уақытылы өтеу үшін жеткілікті сомада ақша түсуін қамтамасыз етуге;

3.2) барлық берілген және өтелмеген Овердрафттардың жалпы сомасы Овердрафт лимитінің сомасынан аспауы тиіс екенін ескеруге;

3.4) тиісті талапты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Заемшыдан Келісім бойынша берешек сомаларын өндіріп алу бойынша Банкте туындаған барлық қосымша шығыстарды Банкке өтеуге;

3.5) тиісті талапты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке өзінің қаржы-шаруашылық қызметі туралы қажетті құжаттарды беруге;

3.6) дереу, бірақ кез келген жағдайда 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Банкке Келісім бойынша берешекті өтеуге теріс әсер етуі мүмкін барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;

3.7) күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Банкті екінші деңгейдегі басқа банктерде шоттар ашу, өзінің заңды мекенжайының өзгеруі, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, меншік иелері/қатысушылары/акционерлері құрамының өзгеруі, органдардағы, оның ішінде

атқарушы органдардағы өзгерістер туралы, тиісті растайтын құжаттарды ұсына отырып, байланыс деректері өзгерген кезде, резиденттен резидент емеске мәртебесін өзгерту туралы хабардар етуге;

3.8) Овердрафтты оның Келісімде көрсетілген нысаналы мақсатына сәйкес ғана пайдалануға;

3.9) Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз:

кепіл шарттарын жасаспауға не өз активтеріне, мүлкіне, қазіргі және болашақ табыстарына, алуға арналған шоттарына қатысты қандай да бір ауыртпалықтар туғызбауға;

заемдар алмауға, заемдар, кепілдіктер бермеуге, жарғылық капиталдың (жарияланған акциялардың) мөлшерін өзгертпеуге, сондай-ақ Заемшының активтерінің (меншікті капиталының) баланстық құнының 10% (он пайызы) мөлшеріндегі сомадан асатын заңдық сипаты ұқсас өзге де мәмілелер жасамауға;

ерікті қайта ұйымдастыруды немесе таратуды жүргізбеуге;

еншілес ұйымдарды, өзге де заңды тұлғаларды (дербес немесе үшінші тұлғалармен) құрмауға;

Заемшы қызметінің негізгі түрін өзгертпеуге, қызметтің жаңа түрін бастамауға;

3.10) мыналарға:

Заемшының қатысушылары (акционерлері) құрамының, жарияланған акциялар санының өзгеруіне/жарғылық капитал мөлшерінің азаюына;

Заемшының бірінші басшысының және Заемшының ірі қатысушысы/акционері - заңды тұлғасының бірінші басшысының ауысуына жол бермеуге;

3.11) дивидендтерді немесе кірістерді заемшының акционерлері (қатысушылары) арасында өзге нысанда бөлмеуге;

3.12) Заемшының Банк/басқа банктер алдындағы өзге міндеттемелерін (берешегін) өтеу мақсатында заем қаражатын пайдаланбауға;

3.13) Келісім бойынша өз құқықтарын үшінші тарапқа бермеуге;

3.14) Банкке, оның ішінде Банктің бірінші жазбаша талабы бойынша:

Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректері бойынша тиісті түрде ресімделген келісімдерін;

Дербес деректер субъектілерінің өзекті және сенімді дербес деректерін беруге және ұсынуды қамтамасыз етуге;

3.15) бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты қоса алғанда, Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттерді орындауы үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды Банкке беруге;

3.16) Банкке берілген Дербес деректер бойынша келісімдердің кері қайтарылу, олардың шынайылығын әлдекімдердің даулау, жарамсыз деп тану, Дербес деректер субъектілерінің Банкке ұсынылған Дербес деректерін жою, бұғаттау, иесіздендіру туралы талап қою; Банкке Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректер бойынша келісімді және/немесе Дербес деректерін беруге байланысты Заемшы, үшінші тұлғалар Келісім бойынша міндеттемелерді орындамауы немесе тиісті орындамауы салдарынан дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қатысты шаралар қолданылу жағдайларын алдын алу жөнінде шаралар қолдануға;

3.17) Банкке Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректер бойынша келісімді және/немесе Дербес деректерін беруге байланысты Заемшы, үшінші тұлғалар Келісім бойынша міндеттемелерді орындамауы немесе тиісті орындамауы салдарынан дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қатысты шаралар қолданылған жағдайда, Банкке қандай да бір шеккен шығыстары мен залалдарын өтеуге;

3.18) егер мұндай шағымда өзге мерзім көрсетілмесе, Банк жіберетін шағымдарды Банк жіберген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қарауға және оларда көрсетілген талаптарды орындауға;

3.19) үшінші тұлғалардың, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың алдында: Заемшының, оның үлестес тұлғаларының ақша айналымдарының барлығын немесе бір бөлігін үшінші тұлғаларға аудару; Заемшының және (немесе) оның үлестес тұлғаларының үшінші тұлғаларының толық немесе жартылай есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуі; үшінші тұлғалардың Заемшыға және оның

үлестес тұлғаларына кез келген басқа банк қызметтерін көрсетуі көзделетін міндеттемелерді және (немесе) талаптарды өзіне қабылдамауға;

3.20) Келісім бойынша қабылданған барлық басқа міндеттемелерді тиісінше орындауға міндеттенеді.

#### **4. Банк:**

4.1) келесі жағдайларды қоспағанда, біржақты тәртіпте Келісім жасасу күні белгіленген сыйақы мөлшерлемесін ұлғайтпауға:

Келісімде көзделген жағдайларда Овердрафт алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты сенімді ақпарат беру міндеттемесін Заемшы бұзған;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда және:

Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз заңды тұлға-Заемшының жиынтығында 10 (он) және одан көп пайыздағы акцияларын (қатысу үлесін) иеленетін қатысушыларының (акционерлерінің) құрамының өзгеруі;

Заемшының және (немесе) кепіл берушінің кепіл ұстаушы болып табылатын Банктің кепілдік Қамтамасыз етуді құжаттар бойынша және нақты болуын, мөлшерін, жай-күйін және сақтау талаптарын тексеру құқығын бұзу, сонымен қатар үшінші тұлғалардың Заемшы және (немесе) кепіл беруші мүлкіне, оның ішінде Қамтамасыз ету ретінде кепілге берілген мүлікке талаптар қою жағдайларында, Банктің Келісім бойынша Заемшы міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығының туындауы;

үшінші тұлғалардың Заемшының мүлкіне талаптар қоюы;

Көрсетілген жағдайларда сыйақы мөлшерлемесі келесі тәртіпте ұлғаяды:

сыйақы мөлшерлемесін ұлғайтуды шамалаған күнге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын Банк Заемшыға жаңа сыйақы мөлшерлемесін көрсете отырып, оны ұлғайту себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді;

Банк мұндай хабарламаны жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Заемшы жаңа сыйақы мөлшерлемесімен келіседі немесе Банкке негізді жазбаша қарсылығын береді. Заемшы жаңа сыйақы мөлшерлемесінен бас тартып, Қосылу шартының осы тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде өз берешегін мерзімінен бұрын толық өтеуге құқылы;

Банк Заемшыдан жаңа сыйақы мөлшерлемесіне қатысты негізді жазбаша қарсылығын алған жағдайда, Банк оларды қарастыруға және реттеуге байланысты шаралар қолданады.

Егер Тараптар қарсылықтар бойынша келісімге келе алмаса, Заемшы оларды реттеу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

Сыйақы мөлшерлемесін ұлғайту мәселесі бойынша келіспеушіліктердің болуы, оның ішінде Заемшының сотқа жүгінуі Заемшының жаңа мөлшерлеме бойынша сыйақы төлеу міндеттемесіне әсер етпейді;

4.2) егер Келісім және (немесе) Қамтамасыз ету туралы шарттың талаптарында Қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсатында бағалау жүргізуге және (немесе) сақтандыру Келісімдерін бекіту талаптары көзделсе, Заемшыны және кепіл берушіні сақтандыру ұйымының және (немесе) бағалаушыны таңдауда шектемеуге, сонымен қатар Заемшыға (жеке тұлғаға) өз өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктемеуге;

4.3) 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Овердрафтты алған күннен бастап 6 (алты) ай өткенге дейін, 1 (бір) жылдан асатын мерзімге берілген Овердрафтты алған күннен бастап 1 (бір) жыл өткенге дейін негізгі борышты толық мерзімінен бұрын немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, Келісімнің 4-бабында көзделген тәртіпте және талаптарда Овердрафттар бойынша Берешекті мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық төлемдерін және өзге айыппұл санкцияларының басқа түрлерін ұстамауға;

4.4) егер негізгі борышты және сыйақыны өтеу күні мерекелік немесе демалыс күндерге түсіп, сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық төлемдерін және өзге айыппұл санкцияларының басқа түрлерін ұстамауға;

4.5) Заемшы өтініші бойынша, Келісім бойынша берешекті өтеу ретінде шотқа түсіп отыратын ақша түсімін ажыратып-бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының басқа да түрлеріне, сондай-ақ басқа да төленуі тиіс

сомаларға ажырату) туралы ақпаратты, үш жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде, жазбаша нысанда, айына бір реттен асырмай, ақысыз беруге;

4.6) Заемшының Келісім бойынша берілген ақшаны Банкке ішінара немесе толығымен мерзімнен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының басқа да түрлеріне, сондай-ақ төленуі тиіс басқа сомаларға бөлініп, қайтарылуға тиіс ақша сомасының мөлшері туралы Заемшыны үш жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде, ақысыз хабардар етуге;

4.7) Келісімде көзделген тәртіпте Келісім талаптарының жақсарту жағына қарай өзгергені туралы Заемшыға хабарлауға;

4.8) міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей Заемшыны Келісімде көзделген тәсілмен және мерзімдерде:

хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, Келісім бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және Келісім бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы;

Заемшының Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар етуге;

Егер хабарлама Заемшыға Келісімде көзделген мынадай тәсілдердің бірімен:

Келісімде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілсе;

Келісімде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілсе, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын Заемшының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған болса;

Заемшының хабарлама алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын (оның ішінде «Onlinebank Nalyk» жүйесі арқылы) пайдалана отырып жіберілсе, ол жеткізілген болып есептеледі.

Хабарламаны адресатқа, алушыға берудің мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге де байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі;

4.9) Заемшының жазбаша өтінішін қарауға және жазбаша жауап әзірлеуге;

4.10) біржақты тәртіпте:

Келісім шеңберінде комиссиялардың және өзге төлемдердің жаңа түрлерін енгізбеуге;

заемға қызмет көрсету бойынша комиссиялардың және басқа төлемдердің Келісімді бекіту күнінде белгіленген мөлшері мен есептеу тәртібін ұлғаю жағына қарай өзгертпеуге;

4.11) мына жағдайларды:

Қосылу шартының 5-бабының 5-тармағында көзделген;

Заемшы Келісім бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайларды;

қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына және (немесе) Банктің ішкі Кредиттік саясатына сай Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Заемшының қаржылық жағдайының нашарлау;

Банктің Келісімді тиісті түрде орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының өзгертілуі;

Заемшы Кредит желісін игеруді Лимит валютасынан өзге валютамен жүргізгенде Келісім бекітілген күні Банк белгілеген бағамға қатысты Операция жасалатын күні Банк белгілеген бағам айтарлықтай (25 %-дан астам) өзгертін;

мыналарды:

- Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының тиісті шешімдер қабылдауын және/немесе;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің (0,1-ден астам пайызға) ұлғаюын және/немесе;

- теңгеге шетел валютасы (АҚШ доллары, еуро, Ресей рублі, юань) бағамының (5%-дан астам) ұлғаюын және/немесе;

- инфляцияны (5%-дан астам) қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей (Келісім жасалған күннен бастап), Банктің кредиттік ресурстарды тарту және (немесе) қалыптастыру шарттары және (немесе) көздері өзгертілетін жағдайларды қоспағанда, Келісім шеңберінде жаңа Овердрафттар беруді біржақты тәртіппен тоқтатпауға;

4.12) Банктің Келісім бойынша құқығы (талап етуі) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған шарт (бұдан әрі – талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасалған кезде:

талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талап етулердің) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Заемшының дербес деректерінің өңделетіні туралы Келісімде көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен;

талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Құралды өтеу жөніндегі бұдан былайғы төлемдердің үшінші тұлғаға (Келісім және кез келген Қосымша шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және тұрған жері) тағайындалатынын, берілген құқықтардың (талап етулердің) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, құқықтың (талап етудің) үшінші тұлғаға өткені туралы Келісімде көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен Заемшыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар етуге;

4.13) Заемшының жазбаша өтінішін қарауға және жазбаша жауап дайындауға міндеттенеді.

### **7-бап. Дауларды шешу тәртібі. Хабарламалар**

1. Тараптар машиналық ақпарат тасығыштардағы операциялар туралы деректерді дауларды шешу кезінде дәлелдемелер ретінде тануға келіседі.

2. Тараптар Келісім бойынша барлық ықтимал талаптарды Тараптар талап алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде қарауға тиіс деп белгілейді.

3. Келісім бойынша даулар мен келіспеушіліктер, айрықша соттылық жағдайларын қоспағанда, Банктің немесе Овердрафт берілген Банк филиалының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдана отырып, Банктің қалауы бойынша (шарттық соттылық) шешіледі.

4. Банктен Заемшыға хабарламалар Банк мұндай хабарламаларды келесі тәсілдердің бірімен: курьерлік немесе почталық қызмет арқылы; электрондық пошта арқылы; факс арқылы; ұялы және өзге телефон байланысы арқылы; тиісті ақпаратты Банктің филиалдарында/бөлімшелерінде/[www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz) мекенжайы бойынша веб-сайтында орналастыру арқылы жіберген болса, тиісті түрде ресімделген болып саналады.

Хабарламаны жіберу куәлігі, атап айтқанда, факс есебі, пошта мөртабаны, электрондық жөнелтімнің көшірмесі, ұялы және өзге де телефон байланысы операторының есебі болып табылады.

Заемшыға тікелей берген жағдайда ғана жеткізілген болып есептелетін, жеке қолға немесе курьер қызметі арқылы табысталатын жазбаша талаптарды, курьер қызметінің Заемшы жеткізу мекенжайы болмауына байланысты жеткізу мүмкін еместігін растауын немесе Заемшының жазбаша талаптарды алудан бас тартуын қоспағанда, жазбаша талаптар жоғарыда көрсетілген тәсілдердің кез келгені арқылы, жазбаша талаптарды алғаны туралы Банк растау алусыз, жеткізілсе, жазбаша талаптар Заемшыға жеткізілген болып, ал Заемшы тиісті түрде хабардар етілген болып есептеледі.

5. Заемшыдан Банкке хабарламалар Заемшы мұндай хабарламаларды: Банктің уәкілетті қызметкеріне алғаны туралы қол қойғызып, табыстау арқылы; курьерлік немесе почталық қызмет арқылы жіберген болса, тиісті түрде ресімделген болып саналады.

6. Банк хабарламалар жіберу үшін пайдаланатын Заемшы деректемелері, байланысу деректері өзгерген кезде Заемшы өзгерістер орын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банкке бұл туралы хабарлама жіберуі тиіс, егер Банк өзгерістер туралы ауызша айту жеткілікті деп анықтаса, Банк байланыс орталығының қызметіне қажетті ақпаратты хабарлауы керек.

7. Заемшы Банкті жазбаша хабарландырмаған, Заемшы байланыс деректерінің және (немесе) деректемелерінің өзгеруінен туындаған Банк хабарламасын Заемшының алмағанына немесе уақытында алмағанына Банк жауапты болмайды.

8. Заемшы алаяқтық, жіберілген ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, Заемшының хабарламаларды алмау немесе уақытында алмау, хабарламаларды беру немесе алу үшін пайдаланылатын құрал-жабдықтар жұмысындағы ақаулар және (немесе) жедел байланыс құралдарының жұмыс істеуіндегі іркілулерден туындаған Заемшы немесе Банк ақпаратты алғанға дейін оны жоғалту тәуекелдерін қоса алғанда, бірақ шектелмей хабарламаларды жіберу және (немесе) алу мақсаттары үшін жедел байланыс құралдарын пайдалануға байланысты тәуекелдерді Заемшы өзіне қабылдайды.

9. Егер Заемшы Банктің өз міндеттерін қасақана орындамауы немесе ұқыпсыздығы салдарынан зияндар туындағанын дәлелдесе, Банк Қосылу шартының осы бабының 7-тармағында көрсетілген жағдайларда Заемшының кез келген шығындары үшін жауап бермейді.

### 8-бап. Қорытынды ережелер

1. Банк Қосылу шартына, егер оларда өзгеше көзделмесе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы, олар Банктің [www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz) web-сайтында жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және олар қолданысқа енгізілгеннен кейін жасалған Жеке шарттарға қолданылады.

Қосылу шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгенге дейін жасалған Жеке шарттарға қатысты, егер Банк пен заемшылар арасында Жеке шарттарға қосымша келісімдер жасалса, онда осы өзгерістер мен толықтырулар қолданылады, бірақ Банк Қосылу шартында көзделген тәртіппен біржақты түрде енгізе алатын Заемшы үшін Қосылу шартының талаптарын жақсартатын өзгерістер мен толықтырулар қосылмайды.

2. Қосылу шартының талаптары Тараптар арасында жасалған Жеке шартқа қосымша келісім жасау арқылы өзгертілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер осы нақты Жеке шарт бойынша Тараптардың қатынастарына қолданылады.

Банк, нақты Жеке шарттың тараптарының бірі ретінде, Заемшы үшін жақсартылған жағдайда Қосылу шартында көзделген біржақты тәртіппен Қосылу шартының талаптарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы. Мұндай өзгерістер және (немесе) толықтырулар осы нақты Жеке шарт бойынша тараптардың қатынастарына қолданылады.

3. Банк Қосылу шартында көзделген біржақты тәртіпте өзгерістерді және толықтыруларды енгізуге құқылы болатын, Қосылу шартында белгіленгендей Заемшы үшін Шарт талаптарын жақсарту жағдайларын қоспағанда, Тараптар Қосылу шартының талаптарын, оның ішінде оны орындау талаптарын, Жеке шарттың талаптарын оған қосымша келісім жасасу арқылы өзгертуі және толықтыруы мүмкін.

4. Келісім шеңберінде жасалған барлық шарттар және оған барлық қосымшалар, егер олар жазбаша нысанда жасалып, Тараптардың қолы қойылған және олардың мөрлерімен куәландырылған болса (Заемшының мөрі қалауы бойынша қойылады), оның ажырамас бөліктері болып табылады. Келісім, оның барлық қосымшасы бірыңғай құқықтық құралды білдіреді және олардың әрқайсысы өзара бір-бірінің ажыратылмас бөліктері болып табылады.

5. Келісімде және Келісімге Қосымшаларда қолданылатын бас әріппен жазылған терминдердің, егер Келісімнің контекстінде өзгеше көзделмесе, мынадай мағыналары болады:

**Сыйақы** – Заемшыға Келісім талаптарында Овердрафттарды пайдаланғаны үшін есептелетін сыйақы.

**Қолжетімді қаражат** – Келісім бойынша Қолжетімділік кезеңіндегі Овердрафт лимитінің немесе оның бір бөлігінің пайдаланылмаған сомалары.

**Овердрафт лимиті** – Заемшыға Овердрафт берілетін Келісімде көзделген ең жоғары сома.

**Овердрафт** – Заемшының Банктегі шотында бар ақшадан асыра отырып, Заемшының Шотында төлемдерді жүзеге асыру үшін Заемшының Шотында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда Банк белгілеген Овердрафт лимиті шегінде берілетін кредит.

**Негізгі борыш** – бұл Келісім шеңберінде Банк Заемшыға берген Овердрафттың өтелмеген сомасы.

**Қолжетімділік кезеңі** – Заемшының Овердрафтты пайдалануға құқығы бар, Овердрафтты қайтаруға және пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуге міндетті мерзім.

**Дербес деректер** – белгілі бір немесе олардың негізінде айқындалатын Дербес деректер субъектісіне жататын, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер.

**Жоғары сыйақы** – Овердрафт және/немесе ол бойынша сыйақы уақытылы өтелмеген жағдайда Заемшыға есептелетін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл).

**Қолданылатын құқық** – Қазақстан Республикасының құқығы.

**Дербес деректер бойынша келісім** – Банктің Дербес деректер субъектісінің Дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімі.

**Орташа айлық кредиттік айналым** – бұл белгілі бір кезеңде (күн, ай, тоқсан, жартыжылдық, жыл) жүргізілген және осындай ағымдағы шоттар бойынша үзінді көшірмелерде көрсетілген, орташа айлық мәнге аударылған Заемшының бизнес қызметіне байланысты Банктегі Заемшының ағымдағы шоттарына барлық аударымдардың жиынтығы (тауарлар/материалдық емес активтер/қызметтер үшін төлемдер).

**Дербес деректер субъектілері** – Дербес деректер тиесілі жеке тұлғалар.

**Шот** – кредит беру жүзеге асырылатын Банктің банктік шот шартына сәйкес ашылған Заемшының банктік шоты.

6. **Транш** – Заемшыға берілген Овердрафт лимитінің жалпы сомасынан ақшаның бір бөлігі.

Келісім Тараптар үшін бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілінде жасалады. Келісімнің тілдік нұсқалары арасында қайшылық болған жағдайда оның ережелерін түсіндіру кезінде басымдық мәселесі Жеке шартқа сай шешіледі.

#### **9-бап. Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолы**

Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолы Жеке шартта көрсетіледі.

».